



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№84
(2149)
Сенбі
23 қыркүйек
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов жұмыс сапарымен ауданға арнайы келіп, бірқатар құрылыс нысандарын аралады.

Қасиетті өлкенің тыныс-тіршілігімен танысуға келген Серік Салауатұлы жеке кәсіпкер З.Жалмағанбетованың көмір қоймасына барып, алдағы жылу беру маусымына дайындығын көрді.

Әйтеке би кентіндегі салынып жатқан 250 орындық мектепке аялдап, құрылысқа жауапты мамандарға жұмыс қарқынын күшейтіп, нысанның құрылысын тез



арада аяқтауды тапсырды.

Серік Салауатұлы аудандық маңыздағы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы арасындағы төрт жолақты жолға да ат басын бұрды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жол құрылысын күнделікті бақылауда ұстап отырғанын жеткізді.

Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйін көрген облыс әкімінің бірінші орынбасары ғимаратты тез арада іске қосу қажет екенін және нысанның аудан халқы үшін маңыздылығын тілге тиек етті.

ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ



Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет үйінде «Еңбек күні» мерекесі аталып өтті. Мерекеге аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, еңбек адамдарын мерекесімен құттықтады.

-Бұл күні нағыз маңдай терімен отбасын асырап, тынымсыз еңбек етіп жүрген жандар құрметке бөленеді. Сіздер қандай да болмасын мәртебеге лайықсыздар. Кейінгі ұрпақ Сіздерге қарап үлгі алады, құрмет

тұтады. Сондықтан қажырлы еңбектеріңізбен абыройлы еңбек ете беріңіздер, - деді аудан басшысы.

Шара барысында аудан басшысы еңбек адамдарын облыс әкімінің, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алғыс хатымен», аудан әкімінің «Дипломымен» марапаттады.

Қазалы ауданының қорғаныс саласының қызметкері, ауған соғысының

ардагері Күмісбай Серікбайұлына «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағы беріліп, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкері Муаззам Рахметоваға «Қазалы ауданының құрмет грамотасы» табысталды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламаға жалғасып, көріністер қойылып, әсем әндер шырқалды.

Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»

●Баспасөз - 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің
редакциясы

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕНІҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУЫ

Айдынды Арал Мәдинаның әуелете Тұяқованы аудан әкімінің
ауданының жыршы- айтқан әні, Кеңес «Қ ұ т т ы қ т а у ы м е н»
термешілері Қазалы ау- Дүйсекеевтің музыка- және «Мәдениет
данына келді. Мақсаты сы бүгінгі ұрпақтың саласының үздігі» Базар
– теңізді өлкенің 95 жүрегінде. Құт қонған Қазалы Қостайқызын «Алғыс ха-
жылдығына арналған Құт қонған Қазалы тымен» марапаттап, сый-
мерекелік концертті мен айдынды Арал- сияпатын табыстады.
қазалылық ағайынға тар- дан шыққан даңғайыр Кеште жасы 80-ге
ту ету. жыршы-термешілер аз таясада жас балаша
Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы дестүрлі арнасын әуездете ән салған Ба-
мәдениет орталығында жалғап келе жатқан зар Қостайқызы құшақ
«Төгілсін ән – жыр Айна Қонысбайқызы халқына ризашылығын
бұлағы» атты мерекелік бастаған жыршы- білдіріп, алғысын айтты.
шара өтті. термешілер Қазалы, Одан бөлек, аралдық
Арал аудандық Арал аудандарының өнерпаздардың әсем
мәдениет орталығының құрылғанына 95 жыл толу- әні мен жүрекке жететін
ұйымдастыруымен өткен ына орай өздерінің сый- жыр-термелері жиналған
шараға аудан әкімі Мұхтар құрметтерін көрсетіп, кеш жая қарсы алған Қазалы
Оразбаев қатысып, өткізіп жатыр. Сондықтан көпшілікті қуанышқа
жиылған көпшілікті айтулы ежелден өнер қонған бөледі. Көрші аудан-
мерейтоймен құттықтап, қасиетті жерге арнайы нан келген ағайындар
аралдық ағайынға ақ келіп, халықтың ыстық мерекелік кешті «Аралдың
тілегін жаудырды. ықыласын алуды құп адамдары» әнімен
– Өздеріңізге белгілі, көрген Сіздерге шынайы қортындылап, қошеметке
Қазалының қасиетті Шара соңында Айна бөленді.
топырағынан талай айту- деді аудан басшысы. Шара соңында Айна
лы өнер тұлғалары өсіп- Мұнан соң Мұхтар Қонысбайқызы аудан
өнді. Қорқыт бабамыздың Әуесұлы Арал аудандық әкімі Мұхтар Оразбаевқа
күңіренің тартқан күй- мәдениет орталығының сыйлық табыстап,
сазы, Роза апамыз бен директоры Айна аралдық ағайынның
сәлемін жеткізді.

КӨШПЕЛІ ШТАБ ОТЫРЫСЫ

"Жалаңтөс батыр" ЖШС-нің егіс Жиында Күнтілес Айдарбекұлы
алқабында аудан әкімінің орынба- Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және
сары Күнтілес Назымбековтың ауылдық округ әкімдеріне мал бағу,
төрағалығымен көшпелі штаб отырысы кезекшілікке шығу жұмыстарын
өтті. Онда егістік жерлерді малдан қору күшейтуді жүктеді.
туралы тұрғындар мен кәсіпкерлер Сондай-ақ, шаруашылықтар егістік
арасында түсіндірме жұмыстары қарауылдарын көбейтіп, және
жүргізілді. егіске түскен малдарды қамап,
Штаб отырысына "Жалаңтөс батыр" заңдылықтарға сәйкес учаскелік по-
ЖШС-нің басшысы Қ.Әлімбайұлы, ауыл лиция мен ветеринариялық станция
шаруашылығы мен жер қатынастары және әкімдік өкілдерін қатыстыра оты-
бөлімінің басшысы Е. Сейтов, аудандық ырып, ҚР "Әкімшілік құқық бұзушылық
ветеринария станциясының басшысы туралы кодексінің 147-бабының, 1
Б. Әміреев, Әйтеке би кенті, Қазалы тармағына сәйкес шара көруге тапсыр-
қаласы, «Қарашеңгел», «Құмжиек», ма берілді.
Басықара ауылдық округтерінің әкімдері
мен учаскелік полиция инспекторлары
қатысты.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

Қазалы ауданы әкімінің, Қазалы ауданы әкімінің орынбасарларының, Қазалы ауданы әкімінің аппараты басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Аты жөні, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күні	Уақыты
Оразбаев Мұхтар Әуесұлы	Аудан әкімі	Әр аптаның жұма күні	Сағат 16.00 ден- 18.00-ге дейін
Назымбеков Күнтілес Айдарбекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның сейсенбі күні	Сағат 16.00 ден- 18.00-ге дейін
Сүйеубаев Жалғас Оңғарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні	Сағат 16.00 ден- 18.00-ге дейін
Тілеумбетов Дәурен Оңғарбайұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні	Сағат 16.00 ден- 18.00-ге дейін
Тілеп Ринат Ибайдуллаұлы	Аудан әкімінің аппарат басшысы	Әр аптаның дүйсенбі күні	Сағат 16.00 ден- 18.00-ге дейін

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА – БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ!

Қазалы ауданында 3279 ерекше қажеттіліктері бар адам тұрады. 2810-ы ересек адамдар, 469-ы кәмелет жасқа дейінгі балалар. Ал, оларды әлеуметтік тұрғыда қолдау, дербес өмір салтын сақтауына жағдай жасау, кедергісіз орта қалыптастыру – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімделуі және жұмысқа орналасу мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Ол – «кедергісіз ортаны» қалыптастыру. «Кедергісіз ортаның» болуы мұндай жандар үшін аса маңызды. Ол мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалысын жеңілдетуге арналған пандус пен ыңғайлы тротуар, стандартқа сай кең есік және басқа да сыртқы қолайлы элементтерінің болуы. Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттік, әлеуметтік нысандарда мүмкіндігі шектеулі жандарға көлігін қоятын арнайы орыннан бастап, арбамен келетіндердің еркін кіріп-шығуына мүмкіндік жасалуда.

«AMANAT» партиясының мүгедектігі бар адамдардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы шеңберінде Қазалы ауданы бойынша «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін 112 нысанды бейімдеу жоспарланған.

Жол картасының іс-шараларын іске асыру үшін мониторинг тобы құрылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мониторинг топтары тарапынан берілген ұсыныстар орындалмаған жағдайда, яғни бұзушылықтар жойылмаса, жергілікті атқарушы органдар тексеру жүргізу үшін арнайы хат жазу арқылы Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне жүгінеді. Департамент мамандары келіп түскен өтініштерге сәйкес бұзушылықтарды орындамаған объектілерге қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізеді, нәтижесінде ҚР Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексінің 83-бабы бойынша әкімшілік шаралар қабылданады. Аталған Кодекстің 83-бабы бойынша, яғни мүгедектердің әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне және мәдени ойын-сауық іс-шараларына қолжетімділігі қамтамасыз етілмесе, лауазымды тұлғаларға — елу (50), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне — жүз (100) жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — екі жүз (200), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз (400) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Ауданымыздағы әрбір мемлекеттік ұйым немесе кәсіпкерлікпен айналысатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің қызметтерін жүзеге асыру барысында мүгедектігі бар тұлғалардың нысандарға қолжетімділігін қамтамасыз ететін болса, келешекте мүгедектігі бар адамдар үшін «кедергісіз орта» қалыптасары сөзсіз.

Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүгедектігі бар адамдармен жұмыс секторы

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

«Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) келтірілген.

Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортындыны (бұдан әрі – объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) берушіге портал арқылы

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және берілетін объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы бұйрықпен бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру қағидаларына сәйкес «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметімен жиынтықта «бір өтініш» қағидаты бойынша (бұдан әрі – «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін қызмет) алуға болады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беру және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беруді растау туралы өтініш портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті келіп түскен күні тіркейді. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін

қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 4 (төрт) жұмыс күнде объектіге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Оның нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектіге тексеру жүргізгеннен кейін осы Қағидалардың

8-тармағында көрсетілген объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісінің және объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті осы қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, оң қортынды болған кезде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) нысан бойынша объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қортынды ресімдейді және береді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны осындай алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға ол бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі туралы алдын ала хабардар етеді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде негіздеме беруге және алдын ала шешімге қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қортынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

«Бір өтініш» қағидаты бойынша қызмет көрсету нәтижесі – санитариялық-эпидемиологиялық

қортынды және объектіге есептік нөмір беру туралы растау не оны көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беруден дәлелді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анықтығын анықтау;

2) ұсынылған деректер мен мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің Кодекстің 94-бабына сәйкес бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы сақталуындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Ақпараттық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11 тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және / немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**Ранайкүл
САХАНОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының бас
маманы**

● Маманның кеңесі

**ЭХИНОКОККОЗ
(жылауық құрт)**

Жылауық құрт кеселі (эхинококкоз) - адам мен малағзаларына құрт ұрықтарының түсуінен пайда болатын, үй жануары арқылы тасымалданатын паразитті ауру. Ол көбінесе аңдар мен ауыл шаруашылығы малдарынан, ит, мысықтардан жұғады. Көзге әрең көрінетін жылауық құртының ұзындығы 2 мм -ден 1 см-ге дейін болады. Олар иттің, қасқырдың, түлкінің ащы ішегінде өсіп өнеді де, солардың дәреті арқылы суды, шөпті, жерді ластайды және қоршаған ортада ұзақ уақыт өсу қабілетін жоғалтпай сақтайды. Бұл құрттар адам ағзасына аң терілерін пайдаланғанда, ит пен мысықты ұстағанда қолға жабысады да қолды жумай тамақ ішкенде, бұлақтар мен өзен суларын қайнатпай ішкенде адам ағзасына түседі. Егер, паразит тамақпен бірге ағзаға түссе, бауыр эхинококкозы, егер ауа арқылы тараса, өкпенің эхинококк өсіндісі дамиды. Эхинококк өсіндісі – бұл паразиттің дамуындағы соңғы кезең болып табылады.

Асқазанға түскен жылауық құрттың ұрығы сыртқы қабығынан айырылып ішек қатпарларына өнеді, одан қан тамырларына түсіп бауыр, өкпе, бүйрек, ми және басқа ағзаларға барып ұялайды. Уақыт өткен сайын ұялаған жерінде жылауық құрт өсіп өне бастайды. Олар көп ұялы және бір ұялы болып бөлінеді. Жылауық құрт қалтасы өсіп, сырқаттың белгісі біліне бастайды, құрт өскен жердегі ағзаның қызметі бұзылады. Егер науқас адам уақытында дәрігерге көрініп ауруын анықтап емделмесе, уақытылы ота жасатып тез арада жылауық құрт қалтасын алдырып тастамаса, ол ұлғая келе жарылып, науқастың өміріне қауіп келтіреді.

Ал, енді осы ауруға шалдықпаудың жолдары бар ма? «Сақтансаң сау боларсың» - дейді халқымыз. Қандай алдын алу шараларын қолға алу қажет?

Бірінші кезекте, жеке гигиенаға, әсіресе, қол тазалығына аса көңіл бөлу қажет. Екіншіден, үй жануарларын, ауылдық жерлерде ірі қара малды ішек құрттарынан тазарту шараларын атқару қажет. Жануарлар уақытылы ветеринарлық тексеруден өткізіліп, олардың қалдықтары жойылуы, жануар өнімдері жеткілікті мөлшерде термиялық өңдеуден өткізілуі қажет (флюорография, ультрадыбыстық зерттеу).

Ветеринарлық қызметтің жұмысын жақсартып, үй жануарларының эхинококкоз ауруын жұқтыруын бақылауға алу, бұралқы иттер мен мысықтардың санын азайту, тұрғындардың өмір сүру дағдысын, санитарлық білімі мен жеке гигиенаны сақтау мәдениетін арттыру қажет.

Тазалық мұқият сақталған жерде аурудың болуы мүмкін емес. Көп жылғы тәжірибелерге қарағанда бұл ауру мал шаруашылығымен айналысатын кісілердің арасында жиі кездеседі. Аталған аурудың нағыз таратушы көзі ит пен мысықтар екенін жоғарыда айтып өттік. Бір ауру итте 200 мыңға жуық жылауық құрттың ұрықтары болады. Ал сырқат ит күніне қоршаған ортаға, яғни үйдің айналасына, аулаға, сәкіге мыңдаған жұқпалы жылауық құрт ұрықтарын шашады. Ол ұрықтар шөптер мен су арқылы малға, тамақ пен су арқылы адамға жұғады.

Ауру таратушы иттерді бұл аурудан сақтандыру жолдары қиын емес. Ол өлген малдардың етін, үйде сойылған малдардың жылауық құрт ұясы орналасқан ағза мүшелерін, өкпе, бауырларын ит пен мысықтарға жегізбей терең шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберген дұрыс. Асыранды иттерді аулада байлап ұстау, нәжістерін өртеп жіберу, жыл сайын мал дәрігерлеріне тексертіп тұру, дәрі беру арқылы құрттардан тазартып тұру керек.

Ал жеке бастың алдын алу шараларына келсек: балаларды итпен ойнатпау, өз ыдыстарынан тамақтандырмау және иттің олардың беті-қолдарын жалауын болдырмауын қадағалап отыру керек. Өйткені ит, мысық үй жағдайында таза ұсталынса да, олардың жүнінде құрттың жұмыртқалары жүреді. Тағамға жуылмаған көкөніс, жемістерді, жабайы өскен шөптер мен бүлдіргендерді қолданбау керек. Ашық су қоймаларынан қайнатылмаған суды ішпеу қажет. Осы ереже тәртіптерін үлкендердің өздері де орындауы қажет.

Тазалық-денсаулық кепілі. Сондықтан барлық жерде тазалық сақтайық!

**Муаззам РАХМЕТОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы**

● Тұрғындар назарына

ҚАУІПСІЗДІК ҚАШАНДА ҚАЖЕТ!

Өрт тілсіз – жау! Қазіргі таңда орын алып жатқан өрттердің басым көпшілігі тұрғын үйлер үлесінде. Тұрғын үйдегі электр жүйесінің ақаулары, газ ошағын пайдаланудағы аңғалдықтар, пеш салу мен пайдалану ережелерінің сақталмауы, тұрғын үйдегі шаруашылық құрылыс нысандарының ара-қашықтығы сақталмауы, балалардың отпен ойнауы өрттің шығу себебіне негіз болады. Осы мысалдардың әрқайсысы, өрт болған жерде материалдық шығын келтіріп қана қоймай, тіпте адам өліміне де әкеп соқтырып жатады.

Осыған орай аудан көлемінде өртті болдырмау мақсатында Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің және

№9 Өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері бірлесе отырып әр аптаның сенбі күні тұрғын үйлерді аралап, Қазалы ауданының тұрғындарына өрт қауіпсіздігі туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Осыған байланысты аудан тұрғындары тарапынан іс-шараға бір кісідей қатысуын сұраймыз. Өрт қауіпсіздігіне байланысты сұрақтар бойынша 23-0-01, 22-1-51 телефондары арқылы хабарласуға болады.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, әрбір азамат міндетті!

**Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі**

ЖЫЛЫТУ ПЕШІҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫНБА?

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерге қатысты жану оқиғалары көбейетіні бәрімізге белгілі. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында:

1) үш айда бір реттен кем болмай жылыту пештері;

2) екі айда бір реттен кем болмай үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар тазартылуға тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер айна бір реттен кем болмай тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда

қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

Егер:

Көмірдің иісін сезсеңіз, ошақтың ауызын жауып, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

Пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғары көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

**Қазалы ауданының
Төтенше
жағдайлар бөлімі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.